

«Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ  
Экономика және құқық факультеті



Бекітемін. *Радат*  
Факультет деканы Р.С. Уталиева  
«10» *сентября* 2024 ж.

**6В04201- ҚҰҚЫҚТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ  
БОЙЫНША 2024-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАР**

Атырау, 2024

## **1. Жалпы ережелер**

6B04201-Құқықтану білім беру бағдарламасын дамыту жоспары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің даму стратегиясы негізінде әзірленеді. Университеттің даму стратегиясы, ішкі нормативтік құжаттар мен ережелер және білім беру ордасының қызметтері туралы ақпараттар университет сайтында, интернет-порталдарда және әлеуметтік желілерде орналастырылған, бұқара үшін қолжетімді.

6B04201-Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша білім беру 12.08.2020 ж № KZ51LAA00018586 лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

6B04201 – Құқықтану ББ 2022-2025 жылдарға арналған даму жоспары негізделетін нормативтік актілер:

- Ғылым туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңы.
- Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
- Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы және т.б. білім беруді ұйымдастыру және ғылымды дамытуға негізделген нормативтік құқықтық актілер және университеттің ішкі ережелері.

## **2. Ағымдағы жағдайды және еңбек нарығы мен білім беру қызметтерінің даму тенденциясын талдау**

### **1 бағыт. Білім беру қызметі**

6B04201 – Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін көп деңгейлі және үздіксіз дайындықты қамтамасыз ететін жақсы материалдық-техникалық базасы бар заманауи ғылыми - білім беру кешені құрылды.

6B04201-Құқықтану ББ кәсіптік-бағдарланған модульдерден тұрады, онда базалық және арнайы пәндер кешені бар, оларды зерттеу заң шығару, құқық қолдану және құқық қорғау саласындағы креативті, коммуникативті және бәсекеге қабілетті мамандардың дамуына ықпал етеді. ББ Атырау өңірінің геоэкономикалық ерекшелігін ескере отырып әзірленген және өзінің мақсаты кәсіпкерлік, инвестициялық салада, жер қойнауын пайдалану саласында және құқықтану саласында терең білімі мен базалық дағдылары бар заңгерлерді даярлау болып табылады. Нарықтық экономиканың дамуымен әлеуметтік-еңбек, азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеу қажеттілігі де өсті, онда белгілі бір еңбек саласындағы қызметкерлердің құқықтық сауаттылығы маңызды рөл атқарады, бұл сәйкесінше еңбек нарығында білікті заңгерлердің сұранысын тудырады. Өңірдің ерекшелігін ескере отырып, ББ көзделген жер қойнауын пайдалану және инвестициялар саласында маманданған заңгерлерді даярлау мәселесі өзекті болып табылады.

Білім беру бағдарламасының өзектілігі жұмысберушілерге, білім алушыларға, түлектерге және т.б. қызығушылығы бар тұлғаларға жүргізілген сауалнамалар, түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуі, еңбек нарығының сұранысы т.б. мониторинг нәтижелері арқылы анықталады.

Оқу-әдістемелік құжаттарға жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, элективті пәндер каталогы, барлық пәндер бойынша ПОӘК кіреді. Білім беру бағдарламасының мазмұны бағдарлама атауына сәйкес мамандарды даярлаудың кеңдігін және облысты даярлаудың тереңдігін қамтамасыз етеді. Мамандық бойынша анықталады. Білім беру бағдарламасы нарық пен жұмыс берушілердің қажеттілігін ескере отырып, сондай-ақ МЖМБС және ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарының өзгерістерін ескере отырып, жыл сайын жаңартылып отырады. Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында, академиялық комитет отырысында талқыланады, оған жұмыс берушілер мен студенттер шақырылады, содан кейін университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Кафедрада білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік кешендері және жоғары оқу орны мен элективті компоненттер пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері қалыптасып, үнемі жетілдіріліп отырады. ПОӘК ҚР МЖМБС, оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жасалады және оқытылатын пәннің негізгі мазмұнын көрсетеді. ПОӘК-нің барлық компоненттері кафедралық сараптамадан өтеді және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесі бекітеді. Оқытудың интерактивті әдістері өзара әрекеттесу, студенттердің белсенділігі, топтық тәжірибе, міндетті кері байланыс принциптеріне негізделген. Кафедра оқытушылары оқу процесінде қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану бойынша оқыту семинарларында оқытылған интерактивті әдістерді кеңінен қолданады. Танымдық іс-әрекетті жандандыру үшін іскерлік ойындар, блиц-сұрақтар, ситуациялық мәселелерді шешу, бейнематериалдарды қарау нәтижелері бойынша пікірталастар, шығармашылық тапсырмаларды орындау, командаларда жұмыс істеу, миға шабуыл және т. б.

Білім беру процесі Студенттер даңғылы, 1 мекен-жайы, №4 оқу корпусы Экономика және құқық факультеті ғимаратында жүзеге асырылады. Оқу аудиториялары, атаулы аудиториялар, компьютерлік класстар, криминалистік полигон, криминалистік зертхана, фото зертхана, оқу сот залы және заң клиникасы бар. Студенттерді заң клиникасында оқыту барысында олар қолда бар теориялық білім негізінде практикалық іс-әрекет дағдыларын (сауалнама, кеңес беру, заң фактісінің біліктілігі, құжаттарды құрастыру); заңгердің әлеуметтік қызметін (миссиясын) философиялық (тұжырымдамалық) түсіну, өз жұмысы үшін жауапкершілік, кәсіби ортадағы мінез-құлық ережелері; азаматтардың заң көмегіне қол жетімділігін кеңейту және тиісінше, әлеуметтік құқықтық мемлекет қағидаттарын іске асыру.

ББ сапасын ішкі бағалау және тану нәтижелері (есептер, сараптамалық қорытындылар және т.б.) университеттің сайтында орналастырылады. ББ сапасын ішкі бағалаудың негізгі рәсімдері: 1) ББ өзін-өзі тексеру болып табылады. Өзін-өзі тексеру барысында: жалпы университет қызметі туралы ақпарат, кадрлардың профессорлық-біліктілік құрылымы туралы деректер, мамандықтың оқу

жоспарының барлық циклдерінің пәндері бойынша білім алушылардан сауалнама нәтижелері, ПОӘК мазмұны, мамандықтың оқу жоспарлары және басқа материалдар пайдаланылады. 2) ББ сәйкестігін ішкі тексеру. Сыртқы бағалау рәсімдеріне ББ дайындығын тексеру мақсатында жүзеге асырылады; ББ шеңберінде әртүрлі құжаттардың сапасын анықтайды (мысалы, пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары, Жеке оқу жоспарларының жұмыс оқу жоспарлары, практика бағдарламалары және т. б.); ББ шеңберінде қажетті құжаттаманың болуы және толықтығы және т. б.

ББ сапасын бағалау мен танудың жанама формалары әр түрлі

ББ түлектері мен білім алушыларын даярлау сапасын бағалау рәсімдері мен нысандары. Оларға мыналар жатады:

- ББ түлектерін кәсіби сертификаттау;
- сыртқы емтихандарды тапсыру/білім алушылардың және/немесе түлектердің ББ-ның әртүрлі элементтері бойынша тәуелсіз сынақтардан өтуі (мысалы, әртүрлі форматтағы халықаралық тілдік емтихандар, интернет-емтихандар, қашықтықтан және күндізгі олимпиадалар және т. б.);
- кәсіптік және ғылыми конкурстарға, конференцияларға қатысу (оның ішінде нәтижелерін ресми жариялаумен), білім алушылар мен ББ түлектерінің ғылыми және кәсіптік сыйлықтар алуы;
- түлектердің мансаптық траекториялары мен жұмысқа орналасуын зерттеу және т. б.

ББ тиімділігін бағалау мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

- білім беру бағдарламасы түлектерінің сұранысы (жұмысқа орналастыру түлектер);
- білім алушылардың ББ - ны іске асырудың мазмұны мен сапасына қанағаттану дәрежесі;
- ББ әзірлеу мен басқаруға серіктес ұйымдардан, жұмыс берушілерден, практиктерден оқытушыларды тарту;
- жетекші ғалымдардың (серіктес ұйымдардың жетекші ғылыми мектептерінің өкілдері, академиктер, сыйлық лауреаттары және т. б.) қатысуы;
- жұмыс берушілердің, серіктес ұйымдардың практик-мамандарының пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуге қатысуы;
- білім алушылардың ғылыми іс-шараларға (конференциялар, семинарлар) қатысуы;
- білім алушылардың ғылыми үйірмелерге, секцияларға, зерттеу жобаларына, студенттік бизнес-инкубаторларға қатысуы;
- білім алушыларға пәндердің мазмұнын, оқу нәтижелерін өлшеу құралдарын, білімді бағалау критерийлерін сипаттайтын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің қолжетімділігі;
- шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен ББ болуы.

**2 бағыт. Ғылыми-зерттеу қызметі.**

6В04201- Құқықтану ББ ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмысы ҚР ғылыми қызметті реттеу саласындағы заңнамасы негізінде, сондай-ақ университеттің ғылыми жұмысты ұйымдастыру саласындағы жергілікті нормативтік құжаттары негізінде жүргізіледі. Кафедра бойынша «Заң теориясы мен

құқық қолдану тәжірибесі» ғылыми мектебі жұмыс істейді. ББ бойынша ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға бағытталған бірқатар міндеттер жоспарланып, іске асырылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу ғылыми үйірмелердің, ғылыми қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері өңірлік, республикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында жарияланады. Факультетте жыл сайын Ғылым күніне орай жас ғалымдар мен білім алушылардың ғылыми-практикалық конференциялары ұйымдастырылады. Бұл іс-шараның мақсаты студенттердің ғылыми әлеуетін ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялау, ең талантты жастарды іздеу және қолдау болып табылады. Ғылыми зерттеулердің қорытындысы бойынша студенттер өз зерттеулерінің нәтижелерін жариялайды.

Күшті жақтары:

- Кафедрада ғылыми мектептің жұмыс жасауы
- Білім алушылардың ғылыми әлеуетін дамыту үшін ғылыми-зерттеу үйірмелерінің болуы.

Негізгі мәселелерді талдау.

- ПООҚ ғылыми әлеуеті көрсеткішінің төмендігі
- Іргелі гранттық қаржыландыру негізіндегі ғылыми зерттеу жұмыстарының болмауы
- Рейтингік басылымдардағы жарияланымдар санының аз болуы
- халықаралық ғылыми кеңістікте ғылыми зерттеулердің нәтижелерін толыққанды ілгерілету үшін шет тілін меңгерудің жеткіліксіздігі;

### **3 бағыт. Тәрбие қызметі**

ББ басым міндеті жастардың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау және олардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру болып табылады. Студенттік өзін-өзі басқару бүкіл университеттік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және студенттік өмірді ұйымдастырудың маңызды функцияларын жүзеге асырады. ЖОО-дағы студенттік өзін-өзі басқару қызметі «Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің студенттік өзін-өзі басқару құрылымы туралы ереже» негізінде ұйымдастырылған. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі спорттық және мәдениетті дамыту орталығы, көңілді тапқыштар клубы (КВН), «Ақтангер» шығармашылық тобы, «Сенатор» дебат клубы, "ASUMIT" қайырымдылық клубы, студенттік театр, спорттық клубтар, «ASULife» студенттік БАҚ клубы, «Қайсар тергеушілер» студенттер үйірмесі, Заң клиникасы, «Қайсар тергеушілер» волонтерлік қызметі, «Адал ұрпақ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттік клуб, «Элита» студенттік клубы, факультеттің белсенділері және т.б. клубтар жұмыстарына араласуы арқылы тәрбие және өзге де қоғамдық шаралар жүзеге асырылады.

Күшті жақтары:

- Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің болуы

- Жұмысберушілердің қолдауымен құрылған «Қайсар тергеушілер» студенттік клубы, «Сервистік полиция» волонтерлық клубының болуы  
Негізгі мәселелерді талдау:

- дарынды балаларды анықтау және қолдау, көтермелеу механизмін жасақтау

#### **4 бағыт. Ресурстық қамтамасыз ету**

6В04201-Құқықтану ББ білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін пайдаланылатын жеткілікті материалдық - техникалық, ақпараттық және кітапханалық ресурстарға ие. Бар материалдық-техникалық база үнемі жаңартылып және жетілдіріліп отырады. Тиімді білім беру инфрақұрылымын құру университеттің өз миссиясын сәтті орындауының қажетті шарты болып табылады.

Университеттің материалдық-техникалық базасына 5 оқу ғимараты, бассейн бар жатақхана, 3 жатақхана, спорт залы, "Жайық" спорт кешені, спорт ғимараттары, ашық стадион кіреді. Барлық ғимараттар мен құрылыстардың жалпы ауданы 43 507,1 м<sup>2</sup> құрайды. Кітапхана барлық оқу ғимараттарында, жатақханаларда орналасқан. Студенттерге кітапханалық-ақпараттық қызметтердің кең спектрін ұсыну үшін барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларда кітапхана залдары бар.

Білім беру бағдарламасын іске асыру мақсатында келесі профилдік зертханалар жұмыс істейді:

1) Криминалистік зертханасы. Аудитория саусақ ізі, трасология, баллистика, оқиға орнын тексеруге, жекелеген тергеу әрекеттері, құжаттарды техникалық зерттеу бойынша сабақтар өткізуге арналған және т. б.

2) Криминалистикалық полигон. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, криминалистикалық техникаға, криминалистикалық тактика және әдістеме бойынша сабақтар;

3) сот отырыстарының оқу залы білім беру процесін ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған және практикалық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

4) Академик Салық Зиманов аудиториясы. Білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, академиялық сабақтар өткізу үшін арналған

5) Заң клиникасы

Білім алушылар мен ПОҚ электрондық ресурстарға қол жеткізе алады, сондай-ақ әлемдік ақпаратқа қол жеткізуді, жедел және тиімді іздеуді қамтамасыз ету үшін заманауи технологиялар, шетелдік дерекқорларға қашықтан қол жеткізу мүмкіндіктері пайдаланылады.

Күшті жақтары:

- Зертханалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті материалдық базаның жеткілікті жарактандырылуы.

Негізгі мәселелерді талдау.

- Күшті жақтары:

- Зертханалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тиісті материалдық базаның жеткілікті жарактандырылуы.

Негізгі мәселелерді талдау.

- лицензияланатын халықаралық және ұлттық құқықтық ақпарат базаларына жазылудың болмауы
- материалдық – техникалық базаны жаңарту, оқу сот залын жөндеу
- ББ пәндері бойынша ағылшын тілінде жарияланған оқу-әдістемелік әдебиеттерді сатып алу.

**6B04201-Құқықтану білім беру бағдарламасын дамыту жоспары**

<b>№</b>	<b>Іс шаралар атаулары</b>	<b>мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сараптамадан өткізуге және іске асыруға әлеуметтік серіктестерді тарту	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
2	Оқу бағдарламаларының мазмұнын бірлесіп әзірлеу және диплом алдындағы және өндірістік практикалардың базаларын қалыптастыру туралы кәсіпорындармен және бизнес-құрылымдармен шарттар мен меморандумдар жасасу	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
3	Кәсіби сертификаттау жұмысын ұйымдастыру	2024-2027	Кафедра меңгерушісі
4	ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүйелі жетілдіру (РУП, силлабустар, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік ұсынымдар, кәсіптік практика бағдарламалары, қорытынды аттестаттау бағдарламалары)	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
5	Білім беру бағдарламасын, дамыту жоспарын және т.б. құжаттарды қайта қарау, жақсарту	2024-2025 жж.	Кафедра меңгерушісі
6	Іске асырудың қатысу мүмкіндіктерін зерттеу қос дипломдық бағдарламалар шеңберінде бакалавриат мамандықтары бойынша бірлескен бағдарламалар.	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі

7	Жұмысберушілерді, білім алушыларды, практик-мамандарды білім беру процесстеріне тарту	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
8	Шетелде біліктілікті арттыру және тағылымдамадан өткен оқытушылар құрамының үлесі	2024 ж – 1 ПОҚ 2026 ж. – 2 ПОҚ	Кафедра меңгерушісі
9	Ашық сабақтар, өзара сабақтарға қатысу, мамандардың қонақ дәрістерін ұйымдастыру	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
10	Оқу қызметіне инновациялық көзқарасты, ғылыми зерттеулерге жүйелі қатысуды, жетекші отандық және шетелдік басылымдарда жариялауды	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
12	«Сот актілерін атқару», «Құқықтық жазылым», «Корпоративтік құқық» «Сот риторикасы» оқу – әдістемелік құралдар шығару	2024 ж. 2025 ж. 2024 ж. 2025 ж	Идресова Ү.Х. Наурызова В.К. Айтмуханова Д.У.
13	Студенттердің оқыту сапасы, студенттердің оқу нәтижелеріне қанағаттануы және ЖОО-да жеке даму мен тәрбие үшін жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан сауалнама жүргізу	2024-2027 жж.	Сапа және мониторинг бөлімі, кафедра меңгерушісі
14	Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша студенттердің баруын ұйымдастыру	Ішкі 2024 ж.- 3 студент 2025ж – 5 студент 2026 ж. – 5 студент 2027 ж. – 8 студент Сыртқы 2024 ж.- 1 студент 2025ж – 1 студент 2026 ж. – 1 студент 2027 ж. – 1 студент	Кафедра меңгерушісі
15	ПОҚ Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша баруын ұйымдастыру	Ішкі 2024 ж.- 2 ПОҚ 2025 ж – 3 ПОҚ	Кафедра меңгерушісі



		2026 ж. – 4 ПОҚ 2027 ж. – 4 ПОҚ	
16	Қазақстан Республикасының және алыс шетел университеттерінің жетекші ғалымдарын шақырумен кафедралардың арнайы курстарына арналған оқу іс шараларын жоспарлау және өткізу	2025-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
17	Ғылыми-зерттеу жұмыстарды бизнес құрылымдарымен және өндіріспен бірге жүзеге асыру	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
18	Ғылыми зерттеу нәтижелерін монографиялар, оқулықтар, рейтингтік журналдарда мақалалар түрінде жариялау	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
19	Орындалатын ҒЗЖ-на білім алушыларды тарту	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
20	ҚР БҒМ жобаларын гранттық қаржыландыру конкурстарына ПОҚ қатысуын ұйымдастыру	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
22	Оқу сот залына жөндеу жұмыстарын жүргізуге тапсырыс бер	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
23	Материалдық техникалық база, кітапхана қоры, лицензияланған халықаралық ақпараттық портал және т.б. ресурстық камтамасыз ету үшін тапсырыстар беру	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
24	Кәсіптік даярлау аясында орта білім беру мұғалімдеріне, колледж оқытушыларына және басқа мүдделі тұлғалар үшін білім беру курстарын ұйымдастыру	2024-2027 жж.	Кафедра меңгерушісі
25	Жұмыс берушілердің жыл сайынғы сауалнамасы, ББ қанағаттанушылығымен білім	2024-2027 жж.	Сапа және мониторинг бөлімі,

алушылардың ПОҚ сауалнамасы		кафедра меңгерушісі
-----------------------------	--	---------------------

### **5. ББ дамыту жоспарын іске асыру тетіктері**

ББ дамыту жоспарын әзірлеу тұжырымдалған нақты міндеттерді шешу арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асырудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді, жоспарлы іс-шаралардың толық көлемінде орындалуына ықпал етеді. ББ дамыту жоспары кафедрада әзірленеді және талқыланады, содан кейін жобасы білім беру бағдарламасы бойынша Академиялық комитет талқылауына жіберіледі.

Мониторинг, бағалау, бақылау. Даму жоспарын іске асыру мониторингі бағыттар бойынша даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша тиісті ББ басшылығы даму жоспарын іске асыру бойынша қорытынды дайындайды. Қорытынды еркін нысанда жасалады факультет деканына жіберіледі және жалпы университеттің даму стратегиясын бағалау үшін стратегиялық көрсеткіштер мен нәтижелер шеңберінде факультеттің жылдық есебін жасауға негіз болып табылады. Қорытынды жасау кезінде мынадай мәліметтерді көрсету ұсынылады:

1) ББ даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепте ұсынылған ақпаратты талдау және жинақтау;

2) қызметтің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесі туралы (жоспарланғаннан нақты нәтижелердің ауытқуы болған кезде түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашу керек) және негізгі нәтижелерге қол жеткізу үшін өткізілген жоспарланған іс-шаралар қызмет көрсеткіштері;

3) жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды қайта қараған, ресурстарды қайта бөлген және проблемаларды шешуге жаңа тәсілдерді әзірлеген жағдайда олар бойынша ақпарат;

4) ББ жоспарын іске асырудың тиімділігін арттыру және кафедраның даму стратегиясын түзету жөніндегі ұсыныс;


5) Сыртқы стейкхолдерлердің ББ мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға ықпал ету дәрежесі. ББ дамыту жоспарын қалыптастыру, мониторингілеу және іске асыру процестері ашықтық пен ашықтық қағидаттарына негізделуге тиіс. ББ дамыту жоспары университеттің ресми сайтындағы кафедраға арналған бетінде орналастырылады. Кез келген мүдделі тұлғалар даму жоспарымен, оның аралық нәтижелерімен ББ басшылығына жүгіну арқылы танысуға құқылы.

### 6. Тәуекелдерді басқару

Мүмкін тәуекелдерді басқару	Тәуекелдерді бойынша қабылданбаған ықтимал салдарлар	басқару шаралар жағдайда	Тәуекелдерді бойынша шаралар	басқару
<b>Сыртқы тәуекелдер</b>				
ҚР-дағы стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалық құжаттардың түбегейлі өзгеруі, жоғары оқу орындарының білім беру және ғылыми қызметін реттейтін нормативтік құжаттамадағы өзгерістер	Оқу-тәрбие ұйымдастырмау процесін		Ішкі нормативтік құжаттарды уақтылы жаңарту және оларды оқу процесіне енгізу	
Оқуға қабылдау баллының жоғарылығы	Білім алушылардың жалпы контингентінің төмендеуі		Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту мектеп оқушылары арасында Қазақстанның басқа өңірлерін және таяу шетелдерді қамту	
Мектеп түлектерінің білім деңгейі төмен	Жоғары оқу орындарына түсу үшін түлектерді даярлаудың төмен деңгейі		Дайындық курстарын ұйымдастыру қосымша сабақтар өткізу, облыс мектептерімен бірлескен жұмыс	
Білікті кадрларға тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін халықтың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, шағын және орта бизнес субъектілерінің табыстарының тұрақсыздығы	Қолма-қол ақшаны қайта бөлу, ғылыми жобаларды іске асыруды қолдауға қаржылық мүмкіндіктердің болмауы		Білім беру қызметтеріне тапсырыс берушілермен неғұрлым белсенді жұмыс, кадр тұтынушыларының мүдделерін ескере отырып, мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын өзгерту	
<b>Ішкі тәуекелдер</b>				
Кадр ресурстарымен жеткіліксіз	Кадр әлеует төмендейді	көрсеткіші	Профессор оқытушылар құрамының докторантураға	

<p>камтамасыз ету, құзыреттілік талаптарына сай бекітілген дәрежеліліктің төмен пайызы.</p>		<p>түсуі, ғылыми дәрежесі бар адамдарды, мамандарды білім беру процесстеріне тарту жұмыстарын жүргізу</p>
<p>Шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы және қазақстандық ғылыми зерттеу ұйымдарын білім беру процесіне тарту</p>	<p>Шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыстың болмауы Алайда тұрақсыз және болжанбайтын қаржыландыру шетелден қажетті құзыреттердің ауқымды трансфертін кеңейтуге мүмкіндік бермейді. Шетелде оқыту бойынша басқа бағдарламалар даярлыққа едәуір уақыт талап етіледі, бұл ОПҚ-ның жүктемесінің жоғары болуына байланысты қиындық тудырады.</p>	<p>Білім беру қызметінің сапасын жақсарту;</p>
<p>Ғылыми-зерттеу жұмыстарының, гранттық қаржыландыру жобаларының болмауы</p>		<p>Зерттеу бағытын кеңейту және ғылыми зерттеу нәтижелерін жақсарту;</p>
<p>Оқытушылардың шет тілдерін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі; Шетелде кәсіби құзыреттіліктерді алуға кедергі болып табылатын студенттердің шет тілдерін меңгеру деңгейін елеулі саралау.</p>	<p>Ағылшын тілін меңгерудің және жалпы ағылшын тіліндегі тілдік ортаны дамыту деңгейінің жеткіліксіздігі, бұл ПОҚ мен білім алушылардың озық білімі мен ғылыми жетістіктеріне қол жеткізуін шектейді</p>	<p>Университетте ақысыз ұйымдастырылатын шетел тілін оқыту курстарына жазылуға ынталандыру. Студенттердің шет тілдерін меңгеру деңгейін академиялық ұтқырлық кезеңіне дейін арттыру (тілдік курстар, жеке сабақтар, көптілділік элементтері)</p>

Кафедра меңгерушісі:



Ү.Х. Идресова